

Бекітемін

«Армантай» бөбекжайы

бақшасы меңгерушісі

Усебова Л.Р.



Ана тілім-тірегім



Тәрбиеші : Юнусметова Ш.Г.

Шымкент 2022ж

Тақырыбы : «Ана тілім – тірегім »

Мақсаты: Балаларға ана тілі туралы түсінік беру, білімін жетілдіру. Өзінің ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, мәнерлеп оқу арқылы сөздік қорын дамыту. Туған халқының тілін қастерлейтін саналы да парасатты азамат етіп тәрбиелеу.

Жүргізуші:

Қуаныш бүгін мереке,

Шуағын шашып тұр әлем.

Өнердің түскен жолына,

Жас досым саған мың сәлем.

Құрметті балалар ,әріптестер бүгінгі «Тілім менің тірегім» атты сайысымызға қош келдіңіздер!

Ертеңгілігімізді әнұраннан бастайық.

Әнұран: барлық балалардың орындауында.

Әр бір тілде сөйле әлемді таң қылып.

Ана тілін білу заңдылық,

Өсер балаң,байтақ далаң тұрғанда,

Қазақ тілі жасау керек мәңгілік.

Балалар біздің ұлтымыз қазақ,өзіміз қай тілде сөйлейміз?

Жүргізуші: Балалар, адамға тіл не үшін керек?

- Дұрыс, тіл адам бір-бірімен тілдесуге керек. Адамдар сөйлеу үшін керек. Бірақ біз Қазақстан Республикасында тұрғаннан кейін, біздің мемлекеттік тіліміз – қазақ тілі болып есептеледі. Осы тілді біз білуіміз, құрметтеуіміз керек.

Жүргізуші: Ал қазір,« Балдырған» тобының ұл қыздарының өлендерін тыңдайық

Мереке: Ана тілім –елдігім

Ана тілім –ерлігім

Тілді биік құрметтеп

Тойлап жатыр ел бүгін.

Ерсұлтан:

Ана тілің біліп қой.

Еркіндігің теңдігің,

Ана тілің біліп қой

Мақтанышы елімнің

Каусария:

Тілім барда мақтанам

Тілім менің аппақ ән.

Бірлігімді бүгінгі

Ана тілім сақтаған.

Гүлсезім

Ақыл –ойын дананың

Ана тілден аламын.


Ана тілім ардақты

Ақ сүтіндей ананың

Әділқожа

Сүйесін өз тілінді

Боласың білімді.



Өз тілің үйретер

Ардақта тілінді..

Ана тілім – менің

Әлдилеген әнім.

Жүргізуші: Сайысымызды жалғастырайық. Ендігі кезекті «Балауса» тобының бүлдіршіндеріне береміз.

Димаш

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,

Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем,

Мен оның қасиетті тілін сүйем,

Мен оның құдіретті үнін сүйем.

Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,

Бәрі маған: «Отан!» деп сыбырлаған

Жаным менің,

Кеудемді жарып шық та,

Бозторғайы бол оның шырылдаған!

Отан!

Отан!


Бәрінен биік екен.

Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.

Отанды сүймеуін де күйік екен,

Отанды сүйгенін де күйік екен..

Айлин



Көктем келген шағында,

Гүлдер гүлдеп жатқанда.

Бал аралар ызындап,

Балын жинап жатқанда.

Бір топ бала келіпті,

Ара ұясын бұзыпты.

Ашуға мініп аралар,

Қуып кетті балдарды.

Қашып кетті балалар,

Тынышталды аралар.

Ырыскелді: Достар бірге жүреміз

Ойнап куліп жүреміз

Бірге балық аулаиымыз

Міне біздер қандаиымыз

Рамиз

Мен анамды суиемін

Сөзін ойға туиемін

Анашымды қастерлеп


Басымды оған иемін

Еркеназ

Біз балдырған тең басқан!

Дос құшағын кеңге ашқан.

Тілегіміз әділдік!



Ашык болсын кең аспан!

Дос болайык бәріміз,

Жарасып тұр әніміз.

Тыныштықты сақтаймыз,

Атсын күліп танымыз!

Жүргізуші : Мәнереп оқу сайысымызға «Топжарган» тобының бүдіршіндерін шақырамыз.

Талшын ;


Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдыңда,

Алихан ; Интернатта оқып жүр
Талай қазақ баласы –
Жаңа өспірім, көкөрім,
Бейне қолдың саласы.
Балам закон білді деп,
Қуанар ата-анасы,
Ойында жоқ олардың
Шариғатқа шаласы.
Орыс тілі, жазуы –
Білсем деген таласы.

Аянат

Шашымды да тарадым

Айнаға да қарадым



Ерте тұрып күнде мен

Мен бақшаға барамын.

Балабақшам байтағым

Таудай биік талабым

Әзір менің дәптерім,

Қарандашпен каламын.

Ән саламын, би билеп,

Такпақты да айтамын.

Абдуллах

Ана тілің біліп қой,
Еркіндігің, теңдігің.
Ана тілің біліп қой,
Мақтанышың, елдігің.

Ана тілің – арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тілінді құрметте!

Жүргізуші: Талаптыға нұр жауар демекші, бүгінгі сайысымыздың жеңімпаздарын анықтау үшін әділ-қазылар алқасына сөз берейік.

Жүргізуші: Балалар, бүгін бәрің сабаққа жақсы қатыстыңдар. Рахмет сендерге. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның болашағы-қазақ тілінде» деп айтқанындай сендер осы ана тіліміздің мәртебесін биікке ұшырататын сұңқары, бәйгенін алдын бермес тұлпары болуларыңа тілектеспін.